

Павлодар облысы әкімдігінің 2004 жылғы 14 маусымдағы "Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғарғы оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 169/5 қаулысына толықтыру енгізу туралы.

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2006 жылғы 19 қазандағы N 283/11 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 8 қарашада N 3075 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 236/18 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009.12.25 N 236/18 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" [Заңының](#) 27-бабы 1-тармағының 17-тармақшасына сәйкес, жоғары оқу орындарында оқып жүрген аз қамтылған отбасыдан шыққан, жетім-студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында облыс әкімділігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Павлодар Облысы әкімдігінің 2004 жылғы 14 маусымдағы "Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 169/5 қаулысына (2004 жылғы 18 маусымда N 2621-мен Павлодар облысының әділет басқармасымен тіркелген, 2004 жылғы 6 шілдедегі N 78 "Звезда Прииртышья" газетінде, 2004 жылғы 8 шілдедегі N 80 "Сарыарқа самалы" газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау ережелерінде:

9-тармақ "сессияның нәтижелері бойынша жылына екі рет Комиссияның шешімімен шығарып жіберілген студенттің орнына ректоратпен ұсынылған аз қамтамасыз етілген отбасындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған сол оқу орында "жақсы" және "үздік" оқып жүрген студентке оқу құқығы беріледі, көрсетілген студенттің оқуына ақы төлеу белгіленген тәртіпте жүргізіледі" деген сөздермен толықтырылсын.

Облыс әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК